

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support



HTB5520G

HTB5550G

HTB5580G

Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2	5 Параметрлерді өзгерту	29
Қауіпсіздік	2	Тіл параметрлері	29
Өнім күтімі	3	Сурет және бейне параметрлері	30
Қоршаған ортаны күту	3	Дыбыс параметрлері	30
3D денсаулыққа зияндығын ескерту	4	Ата-ана бақылауының параметрлері	30
		Көрсету параметрлері	31
		Қуатты үнемдеу параметрлері	31
		Динамик параметрлері	31
		Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру	32
2 Үй кинотеатрыңыз	4		
Негізгі бөлік	4	6 Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту	32
Қашықтан басқару пульті	5	Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру	32
Қосқыштар	6	USB арқылы бағдарламаны жаңарту	33
Сымсыз қорап (қабылдағыш)	7	Бағдарламаны интернет арқылы жаңарту	33
3 Қосылу және параметрлерді орнату	8	7 Өнім сипаттамалары	34
Динамиктерді қосу	8		
Артқы динамиктермен жұптау	9	8 Ақаулықтарды жою	38
Теледидарға жалғау	9		
Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу	10	9 Ескерту	42
Динамиктерді орнату	11	Авторлық құқықтары	42
EasyLink (HDMI-CEC бақылауы) параметрлерін орнату	12	Ашық бастапқы бағдарламалық құрал	42
Үй желісіне қосылу және параметрлерді орнату	13		
		10 Тіл коды	43
4 Үй кинотеатрын пайдалану	15		
Бастапқы мәзірге қатынау	15	11 Индекс	44
Авто ойнату	15		
Дискілер	16		
Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату	17		
NFC арқылы Bluetooth қосу	18		
Деректер файлдары	19		
USB жад құрылғылары	20		
Дыбыс, бейне және сурет опциялары	20		
Радио	21		
Сыртқы аудио құрылғысы	22		
Smart TV шолу	22		
Мультимедиа ағынын Miracast арқылы жіберу	24		
Компьютерді DLNA арқылы шолу	25		
Караоке	27		
Дыбысты таңдау	28		

1 Маңызды ақпарат

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Егер нұсқауларды сақтамаудан зақым келсе, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдалану алдында тексеріп алу үшін, Philips компаниясының тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Өнімді розеткаға қоспай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.

Үй кинотеатрына зақым келу қаупі!

- Қабырғаға ілінетін өнімдерді тек жинақпен берілген қабырға кронштейнімен іліңіз. Қабырға кронштейнін өнім мен қабырға кронштейнінің салмағын ұстап тұра алатын қабырғаға орнатыңыз. Koninklijke Philips N.V. қабырғаға дұрыс орнатылмау салдарынан апатқа, адамның жарақаттануына немесе зақымдануға жауапкершілік артпайды.
- Тіректі динамиктер үшін тек жинақпен берілетін тіректерді пайдаланыңыз. Тіректерді динамиктерге берік орнатыңыз. Жиналған тіректерді динамик пен тіректің салмағын көтере алатын жалпақ, тегіс бетке қойыңыз.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.
- Ашық жағдайда көрінетін және көрінбейтін лазерлік сәулелену. Радио сәулелерін шығаруына жол бермеңіз.
- Диск бөліктерінің ішінен дискінің оптикалық линзаларына қолыңызды тигізбеңіз.
- Осы өнімнің бөлшектері әйнектен жасалуы мүмкін. Жарақат алмас үшін және зақымданбас үшін абайлап ұстаңыз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз. Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделер немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ластану қауіпі!

- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртек және сілті, т.б.).
- Батареяны қайта қате салса, жарылыс қауіпі туындайды. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареялардың заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.

Батареяларды жұтып қою қауіпі бар!

- Өнімде/қашықтан басқару құрылғысында жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қауіпі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.



Өнім күтімі

- Диск бөлігіне дискіден өзге ешнәрсе салуға болмайды.
- Диск бөлігіне майысқан немесе жарылған дискілерді салуға болмайды.
- Егер өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, дискілерді диск бөлігінен алып тастаңыз.
- Өнімді тек ұсақ талшықты шүберектермен тазалаңыз.

Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды.

Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

3D денсаулыққа зияндығын ескерту


- Сіз немесе сіздің отбасыңыз қояншық немесе жарық сезгіштіктен ауырсаңыз, жарық көздеріне, жылдам кескін ретіне шықпастан бұрын немесе 3D көрместен бұрын медицина қызметкерімен кеңесіңіз.
- Бастың айналуы, бастың ауыруы немесе бағдардың бұзылуы сияқты ыңғайсыздықты болдырмау үшін ұзақ уақыт 3D көрмеуіңізді ұсынамыз. Кез келген ыңғайсыздықты сезінсеңіз, 3D көруді тоқтатыңыз және симптомдар кетпейінше, кез келген ықтималды қаупі бар әрекетпен (мысалы, көлік жүргізумен) бірден айналыспаңыз. Симптомдар бар болса, бірінше медицина қызметкерімен кеңеспейінше, 3D көруді жалғастырмаңыз.
- 3D көру кезінде ата-аналар өздерінің балаларын қадағалауы қажет және жоғарыда айтылған ыңғайсыздықтарды сезінбейтіндеріне көз жеткізуі қажет. Көру қабілеті әлі толық жетілмегендіктен, алты жасқа толмаған балаларға 3D көру ұсынылмайды.

2 Үй кинотеатрыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың артықшылығын (мысалы, өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту туралы хабарландыру) толығымен пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome бетінде тіркеніз.

Негізгі бөлік

Бұл бөлімде негізгі құрылғыға шолу жасалады.




- 1 ▲ (Ашу/жабу)
Диск бөлімін ашу немесе жабу.
- 2 ►► (Ойнату/үзіліс)
Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.
- 3 ■ (Тоқтату)
Ойнатуды тоқтату.
- 4 SOURCE
Үй кинотеатры үшін дыбысты, бейнені, радио көзін немесе Bluetooth режимін таңдаңыз.
- 5 ◀/▶ (Дауысы)
Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- 6 ○ (Күту режимі қосылды)
Үй кинотеатрын қосу немесе күту режиміне ауыстыру.

- ⑦ **NFC тегі**
Bluetooth қосылымы үшін тегтері NFC-қосылған құрылғыны түртіңіз.

Қашықтан басқару пульті

Бұл бөлімде қашықтан басқару құралына шолу жасалады.




- ① **⏻ (Күту режимі қосылды)**
- Үй кинотеатрын қосу немесе күту режиміне ауыстыру.
 - EasyLink мүмкіндігі қосылып тұрғанда барлық жалғанған HDMI CEC үйлесімді құрылғыларды күту режиміне ауыстыру үшін кемінде үш секунд басып тұрыңыз.
- ② **SOURCE**
Ресурс көзін таңдау: үй кинотеатрына арналған радио/HDMI ARC/AUX/OPTICAL/COAXIAL/AUDIO IN.
- ③ **🏠 (Бастапқы)**
Бастапқы мәзірге кіреді.
- ④ **SMART TV**
Желілік Smart TV қызметін ашу.
- ⑤ **DISC MENU**
- Диск көзіне ауысу.
 - Дискіні ойнатқанда дискі мәзірін немесе қалқымалы мәзірді ашу немесе одан шығу.
- ⑥ **Жылжу түймелері**
- Мәзірлерге өту.
 - Радио режимінде автоматты іздеуді бастау үшін оңға немесе солға басыңыз.
 - Радио режимінде радио жиілігін реттеу үшін жоғары немесе төмен басыңыз.
- ⑦ **OK**
Енгізуді немесе таңдауды растайды.
- ⑧ **↶**
- Алдыңғы мәзір экранына қайта оралу.
 - Радио режимінде ағымдағы алдын ала орнатылған радио станцияларды өшіру үшін басып ұстап тұрыңыз.
- ⑨ **Түрлі түсті түймелер**
Blu-ray дискілерінің тапсырмаларын немесе опцияларын таңдау.
- ⑩ **⏮ (Ашу/жабу)**
Диск бөлімін ашу немесе жабу.
- ⑪ **⏭ (Ойнату)**
Ойнатуды бастау немесе жалғастыру.

- 12 **◀ / ▶ (Алдыңғы/келесі)**
- Алдыңғы немесе келесі жолға, бөлімге не файлға өткізіп жібереді.
 - Радио режимінде алдын ала орнатылған радио станциясын таңдау.
- 13 **◀◀ / ▶▶ (Жылдам кері айналдыру / Жылдам алдыға айналдыру)**
- Артқа қарай немесе алға қарай іздеу. Іздеу жылдамдығын өзгерту үшін қайталай басыңыз.
- 14 **⌂ (Дауыссыз)**
- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.
- 15 **+/- (Дауысы)**
- Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- 16 **Әріптік-сандық түймелер**
- Мәндерді немесе әріптерді енгізу (SMS мәнерін енгізу арқылы).
- 17 **SUBTITLE**
- Бейне үшін субтитр тілін таңдау.
- 18 **AUDIO**
- Тілді немесе арнаны таңдау.
- 19 **III**
- Дыбыс опцияларын ашу немесе жабу.
- 20 **II (Уақытша тоқтату)**
- Ойнатуды уақытша тоқтату.
- 21 **■**
- Ойнатуды тоқтату.
- 22 **≡**
- Дискіні немесе USB сақтау құрылғысын ойнатып жатқанда қосымша ойнату опцияларын ашу.
 - Радио режимінде радио станциясын орнату.
- 23 **TOP MENU**
- Дискінің негізгі мәзірін ашу.
- 24 **Ⓜ**
- Bluetooth режиміне ауыстыру.

Қосқыштар

Бұл бөлімде үй кинотеатрында қол жетімді қосқыштарға шолу жасалады.

Алдыңғы қосқыштар




- 1 **MIC 1**
- Микрофоннан қабылданатын аудио кірісі.
- 2 **MIC 2**
- Микрофоннан қабылданатын аудио кірісі.
- 3 **AUDIO IN**
- MP3 ойнатқышы (3,5 мм ұяшық) сияқты сыртқы құрылғыдан қабылданатын аудио кірісі.
- 4 **↔ (USB)**
- USB сақтау құрылғысындағы дыбыс, бейне немесе сурет кірісі.
 - BD-Live қызметін ашу үшін USB көлемді жадын қосыңыз.

Ескертпе

- MP3 ойнатқышын үй кинотеатрына 3,5 мм дыбыстық кабельмен қосқанда, үй кинотеатрының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін MP3 ойнатқышын **MIC 1** немесе **MIC 2** қосқышына емес, **AUDIO IN** қосқышына қосыңыз.

Артқы ұялар



① AC MAINS

Бекітілген айнымалы ток қуатының кабелі.

② SPEAKERS

Берілген динамиктерге және сабвуферге жалғау.

③ Сымсыз таратқыш

Қолдау көрсетілетін сымсыз қорап (қабылдағыш) арқылы сымсыз дыбыс сигналын артқы динамиктерге таратады.

④ COAXIAL IN

Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы коаксиальді дыбыс шығу ұясына жалғау.

⑤ DIGITAL IN-OPTICAL

Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы оптикалық дыбыс шығу ұясына жалғау.

⑥ LAN

Жылдамдығы жоғары модем немесе маршрутизатордағы LAN кіріс ұясына жалғау.

⑦ FM ANTENNA

Қамтамасыз етілген FM антеннасына қосыңыз.


⑧ HDMI OUT (ARC)

Теледидардағы HDMI кіріс ұясына жалғау.

⑨ AUDIO IN-AUX

Теледидардағы немесе аналогтық құрылғыдағы аналогтық дыбыс шығу ұясына жалғау.

Сымсыз қорап (қабылдағыш)



① AC MAINS

Бекітілген айнымалы ток қуатының кабелі.

② CONNECT (жалғау)

Артқы динамиктер мен негізгі бөлік үшін жұптау режиміне кіру мақсатында басып тұрыңыз.

③ Артқы динамик қосқыштары

Артқы динамиктерге қосылыңыз.

④ Сымсыз қосылым көрсеткіші


- Артқы динамиктер мен үй кинотеатрын сымсыз жұптау кезінде көрсеткіш жоғары жылдамдықпен жыпылықтайды.
- Жұптау сәтті аяқталғанда көрсеткіш жанады.
- Жұптау сәтсіз аяқталса, көрсеткіш баяуырақ жыпылықтайды.

3 Қосылу және параметрлерді орнату

Бұл бөлім үй кинотеатрын теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға, содан кейін параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді. Үй кинотеатры мен қосалқы құралдардың негізгі қосылымдары туралы ақпарат алу үшін қысқа бастау нұсқаулығын қараңыз.

Ескертпе

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе төменгі жағындағы түр тақтасында көріңіз.
- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.



* Нақты динамик кескіндері жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

Ескертпе

- Көлемдік дыбыс бөлме пішіні және өлшемі, қабырға мен төбе түрі, терезелер мен шағылыстыратын беттер және динамик акустикасы сияқты факторларға байланысты. Оңтайлы параметрді табу үшін динамик орындарымен тәжірибелер өткізіңіз.

Динамиктерді қосу

Динамик кабельдері оңай қосу үшін түспен белгіленген. Динамикті үй кинотеатрына қосу үшін динамик кабелінің түсін қосқыш түсіне сәйкестендіріңіз.

Динамиктің орны көлемдік дыбыс әсерін орнатуда маңызды рөл ойнайды. Ең жақсы әсер үшін барлық динамиктерді отыратын орынға қарай орналастырыңыз және құлақ деңгейіне (отырғандағы) жақын орнатыңыз.

Динамиктерді орналастыру үшін мына жалпы нұсқауларды орындаңыз.

- 1** Отырған орын:
Бұл тыңдау аймағының ортасы.
- 2** **FRONT CENTER** (алдыңғы ортаңғы) динамик:
Ортаңғы динамикті тікелей отырған орынның алдында, теледидардан жоғары немесе төмен орнатыңыз.
- 3** **FRONT LEFT** (алдыңғы сол жақ) және **FRONT RIGHT** (алдыңғы оң жақ) динамиктер:
Сол жақ және оң жақ динамиктерді алдында, ортаңғы динамиктен бірдей қашықтықта орнатыңыз. Сол жақ, оң жақ және ортаңғы динамиктер отырған орыннан бірдей қашықтықта екенін тексеріңіз.

- 4 **REAR LEFT** (артқы сол жақ) және **REAR RIGHT** (артқы оң жақ) динамиктер:
Артқы көлемдік динамиктерді отырған орынның сол жағына және оң жағына, онымен бір қатарға немесе оның артында қойыңыз.
- 5 **SUBWOOFER** (сабвуфер)
Сабвуферді теледидардан кемінде бір метр солға немесе оңға орнатыңыз. Қабырғадан шамамен 10 сантиметр бос аралық қалдырыңыз.
- 6 **СЫМСЫЗ МОДЕМ (қабылдағыш):**
Сымсыз модемді кабел қосылымы үшін артқы динамиктердің арасына қойыңыз.

Артқы динамиктермен жұптау

Бірінші рет қосқанда артқы динамиктерді үй кинотеатрымен жинақтағы сымсыз қорап (қабылдағыш) арқылы жұптаңыз.

Қажетті әрекеттер

- Артқы динамиктерді (сол және оң) жинақтағы сымсыз қорапқа (қабылдағыш) қосыңыз және динамик кабельдері мен қосқыштар арасында түсті сәйкестендіріңіз.
 - Қуатын қосу үшін сымсыз қорапты айнымалы ток қуатына қосыңыз.
- 1 Сымсыз қораптағы **CONNECT** (қосылу) түймесін бес секунд бойы басып тұрыңыз.
 - ↳ Сымсыз қораптың алдындағы көрсеткіш отыз секунд бойы жоғары жылдамдықпен жыпылықтайды. Отыз секунд ішінде мына қадамдарды орындаңыз.
 - 2 Басты мәзір күйінде ( түймесін басыңыз), қашықтан басқару құралындағы  (көк) түймесін үй кинотеатрының дисплей панелінде **PAIRING** (ЖҰПТАУ) жыпылықтағанша басып тұрыңыз.

- ↳ Жұптау сәтті болса, **PAIRED** (ЖҰПТАЛДЫ) көрсетіледі және сымсыз қораптағы көрсеткіш жанады.
- ↳ Жұптау сәтсіз аяқталса, **FAILED** (СӘТсіз) көрсетіледі және сымсыз қораптағы көрсеткіш баяуырақ жыпылықтайды. Артқы динамиктерді қайта қосу үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

Теледидарға жалғау


Бейнелерді көру үшін үй кинотеатрын теледидарға жалғаңыз. ТД дыбысын үй кинотеатрының динамиктері арқылы тыңдауға болады.

Үй кинотеатры мен теледидарда қол жетімді ең жақсы сапалы қосылымды пайдаланыңыз.

1-параметр: Теледидарды HDMI (ARC) арқылы жалғау

Ең жақсы сапалы бейне

Үй кинотеатры Дыбысты қайтару арнасы (ARC) бар HDMI нұсқасын қолдайды. Егер теледидар HDMI ARC үйлесімді болса, жалғыз HDMI кабелін пайдаланып, үй кинотеатры арқылы ТД дыбысын естуге болады.




- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып, үй кинотеатрындағы **HDMI OUT (ARC)** қосқышын теледидардағы **HDMI ARC** қосқышына жалғаңыз.
 - Теледидардың **HDMI ARC** қосқышының белгісі басқа болуы мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

- 2 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- HDMI-CEC – HDMI арқылы қосылған CEC технологиясымен үйлесімді құрылғыларды теледидар мен үй кинотеатрының екеуіне де арналған дыбыс деңгейін басқару құралы сияқты қашықтан басқару құралы арқылы басқаруға мүмкіндік береді. (ақылдасу 'EasyLink (HDMI-CEC бақылауы) параметрлерін орнату' бет 12)
- 3 Үй кинотеатры арқылы ТД дыбысын ести алмасаңыз, дыбыс параметрлерін қолмен орнатыңыз. (ақылдасу 'Дыбыс параметрлерін орнату' бет 12)

2-параметр: Теледидарды стандартты HDMI арқылы жалғау

Ең жақсы сапалы бейне

ТД HDMI ARC үйлесімді болмаса, үй кинотеатрын теледидарға стандартты HDMI қосылымы арқылы жалғаңыз.



- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып, үй кинотеатрындағы **HDMI OUT (ARC)** қосқышын теледидардағы **HDMI** қосқышына жалғаңыз.
- 2 ТД дыбысын үй кинотеатры арқылы есту үшін дыбыстық кабельді жалғаңыз (ақылдасу 'Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу' бет 10).

- 3 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- HDMI-CEC – HDMI арқылы қосылған CEC технологиясымен үйлесімді құрылғыларды теледидар мен үй кинотеатрының екеуіне де арналған дыбыс деңгейін басқару құралы сияқты қашықтан басқару құралы арқылы басқаруға мүмкіндік береді. (ақылдасу 'EasyLink (HDMI-CEC бақылауы) параметрлерін орнату' бет 12)
- 4 Үй кинотеатры арқылы ТД дыбысын ести алмасаңыз, дыбыс параметрлерін қолмен орнатыңыз. (ақылдасу 'Дыбыс параметрлерін орнату' бет 12)

Ескертпе

- Теледидардың DVI қосқышы бар болса, теледидарға қосылу үшін HDMI/DVI адаптерін пайдалануға болады. Бірақ, кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу

Үй кинотеатрының динамиктері арқылы ТД немесе басқа құрылғылардың дыбысын ойнатыңыз.


ТД, үй кинотеатры мен басқа құрылғыларда қол жетімді ең жақсы сапалы қосылымды пайдаланыңыз.

Ескертпе

- Үй кинотеатры мен ТД HDMI ARC арқылы жалғанған кезде дыбыстық қосылым қажет емес (ақылдасу '1-параметр: Теледидарды HDMI (ARC) арқылы жалғау' бет 9).

1-параметр: Дыбысты сандық оптикалық кабель арқылы қосу


Ең жақсы сапалы дыбыс



- 1 Оптикалық кабельді пайдаланып үй кинотеатрындағы **OPTICAL** қосқышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **OPTICAL OUT** қосқышына жалғаңыз.
 - Сандық қосқышта **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** белгісі болуы мүмкін.

2-параметр: Дыбысты сандық коаксиалды кабель арқылы қосу

Жақсы сапалы дыбыс




- 1 Коаксиалды кабельді пайдаланып үй кинотеатрындағы **COAXIAL** қосқышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **COAXIAL/DIGITAL OUT** қосқышына жалғаңыз.
 - Сандық коаксиалды қосқышта **DIGITAL AUDIO OUT** белгісі болуы мүмкін.

3-параметр: Дыбысты аналогтық дыбыстық кабельдер арқылы жалғау

Қарапайым сапалы дыбыс

- 1 Аналогтық кабельді пайдаланып үй кинотеатрындағы **AUX** қосқыштарын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **AUDIO OUT** қосқыштарына жалғаңыз.



Динамиктерді орнату

Бапталған көлемдік дыбысты алу үшін динамиктер параметрлерін қолмен орнатыңыз.

Бастау алдында

Қысқа бастау нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз да, теледидарды үй кинотеатры үшін дұрыс көзге ауыстырыңыз.

- 1 **⬆ (Бастапқы)** түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[Audio] > [Speaker setup]** тармағын таңдаңыз.
- 4 Әр динамик үшін қашықтықты енгізіңіз де, сынақ үндерін тыңдап, дыбыс деңгейін өзгертіңіз. Тамаша параметрді табу үшін динамик орындарымен тәжірибелер өткізіңіз.

EasyLink (HDMI-CEC бақылауы) параметрлерін орнату

Теледидарда HDMI CEC (Тұтынушылардың электрондық бақылауы) протоколын пайдаланатын Philips EasyLink мүмкіндігі бар. HDMI арқылы қосылған EasyLink үйлесімді құрылғыларын бір қашықтан басқару құралымен басқаруға болады.

Ескертпе

- Өндірушіге байланысты HDMI-CEC көп аттармен аталады. Құрылғы туралы ақпарат алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Philips компаниясы барлық HDMI CEC құрылғыларымен үйлесімді болуына 100% кепілдік бермейді.

Бастау алдында

- Үй кинотеатрын HDMI-CEC үйлесімді құрылғыға HDMI қосылымы арқылы жалғаңыз.
- Қысқа бастау нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз да, теледидарды үй кинотеатры үшін дұрыс көзге ауыстырыңыз.

EasyLink мүмкіндігін қосу

- 1  (**Бастапқы**) түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[EasyLink] > [EasyLink] > [On]** тармақтарын таңдаңыз.
- 4 Теледидарда және басқа жалғанған құрылғыларда HDMI-CEC бақылауын қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың немесе басқа құрылғылардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
 - Теледидарда дыбыс шығысын теледидар динамиктері емес, «Күшейткіш» деп орнатыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

EasyLink басқару элементтері

EasyLink көмегімен үй кинотеатрын, теледидарды және басқа жалғанған HDMI-CEC үйлесімді құрылғыларды бір қашықтан басқару құралымен басқара аласыз.

- **[One Touch Play]** (бір тұртумен ойнату): диск диск бөлімінде кезде, теледидарды күту режимінен ояту үшін ► (**Ойнату**) түймесін басыңыз да, дискіні ойнатыңыз.
- **[One Touch Standby]** (бір тұртумен күту режиміне өткізу): егер бір тұртумен күту режиміне өткізу қосылған болса, үй кинотеатрын күту режиміне теледидардың немесе басқа HDMI-CEC құрылғыларының қашықтан басқару құралының көмегімен ауыстыруға болады.
- **[Жүйе дыбысын басқару]** (жүйелік дыбысты басқару): жүйелік дыбысты басқару қосылған болса, құрылғыны ойнатқанда, үй кинотеатрының динамиктерінен жалғанған құрылғының дыбысы автоматты түрде шығарылады.
- **[Дыбыс кірісін салыстыру]** (Дыбыстық кірісті салыстыру): егер жүйелік дыбысты басқару жұмыс істемесе, жалғанған құрылғыны үй кинотеатрындағы дұрыс дыбыстық кіріс қосқышына салыстырыңыз (ақылдасу 'Дыбыс параметрлерін орнату' бет 12).

Ескертпе

- EasyLink бақылауы параметрлерін орнату үшін  (**Бастапқы**) түймесін басып, **[Setup] > [EasyLink]** тармағын таңдаңыз.

Дыбыс параметрлерін орнату

Егер үй кинотеатрының динамиктері арқылы қосылған құрылғының дыбыстық шығысын естімесеңіз, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Барлық құрылғыларда EasyLink функциясы қосулы екенін тексеріңіз (ақылдасу 'EasyLink (HDMI-CEC бақылауы) параметрлерін орнату' бет 12) және

- теледидарда дыбыс шығысын теледидар динамиктері емес, «Күшейткіш» (ТД динамиктерінің орнына) деп орнатыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз және
- EasyLink дыбысты басқару элементін реттеңіз.

1 **⬆ (Бастапқы)** түймесін басыңыз.

2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

3 **[EasyLink] > [Жүйе дыбысын басқару]**

> [On] тармақтарын таңдаңыз.

- ТД динамиктерінің дыбысын ойнату үшін **[Off]** пәрменін таңдап, келесі қадамдарды өткізіп жіберіңіз.

4 **[EasyLink] > [Дыбыс кірісін салыстыру]** тармақтарын таңдаңыз.

5 Жалғанған құрылғыны үй кинотеатрындағы дыбыс кірістеріне салыстыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Үй кинотеатрын теледидарға **HDMI ARC** қосылымы арқылы қоссаңыз, ТД дыбысы үй кинотеатрындағы ARC кірісіне салыстырылғанын тексеріңіз.

Үй желісіне қосылу және параметрлерді орнату

Желіні орнату үшін үй кинотеатрын желілік маршрутизаторға жалғаңыз және мыналарды пайдаланыңыз:

- Ағынды мультимедиа мазмұн (ақылдасу 'Компьютерді DLNA арқылы шолу' бет 25)
- Smart TV
- BD Live қолданбалары (ақылдасу 'Blu-ray дискісіндегі BD-Live' бет 17)
- Бағдарламалық құралды жаңарту (ақылдасу 'Бағдарламаны интернет арқылы жаңарту' бет 33)

! Ескерту

- Желілік маршрутизатормен, мультимедиа сервері бағдарламасымен және желі принциптерімен танысыңыз. Қажет болса, желі құрамдастарымен бірге келген құжаттаманы оқыңыз. Philips компаниясы жоғалған, зақымданған немесе бүлінген деректерге жауап бермейді.


Бастау алдында

- Smart TV және бағдарлама жаңартулары үшін желілік маршрутизаторда жылдамдығы жоғары қосылым бар интернетке қатынасы бар екенін және брандмауэрлермен немесе басқа қауіпсіздік жүйелерімен шектелмегенін тексеріңіз.
- Қысқа бастау нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз да, теледидарды үй кинотеатры үшін дұрыс көзге ауыстырыңыз.

Сымды желі параметрлерін орнату

Қажетті әрекеттер

- Желілік кабель (RJ45 түзу кабелі).
- Желілік маршрутизатор (DHCP мүмкіндігі қосылған)



1 Желілік кабельді пайдаланып үй кинотеатрындағы **LAN** қосқышын желілік маршрутизаторға жалғаңыз.

2 **⬆ (Бастапқы)** түймесін басыңыз.


- 3 [Setup] опциясын таңдап, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
- 4 [Network] > [Network installation] > [Сымды қос. (Ethernet)] тармақтарын таңдаңыз.
- 5 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 - Қосылым үзілсе, [Қайтала] пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
- 6 Шығу үшін [Аяқтау] пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
 - Желі параметрлерін көру үшін [Setup] > [Network] > [View network settings] тармағын таңдаңыз.

Сымсыз желіні орнату

Үй кинотеатрында сымсыз желіге оңай қатынасуға арналған ендірілген Wi-Fi бар.

Қажетті әрекеттер

- Желілік маршрутизатор (DHCP мүмкіндігі қосылған) Ең жақсы сымсыз өнімділік, қамту және үйлесімділік үшін 802.11n маршрутизаторы пайдаланыңыз.



- 1 🏠 (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 2 [Setup] опциясын таңдап, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.

- 3 [Network] > [Network installation] > [Сымсыз қосылу (Wi-Fi)] тармағын таңдаңыз да, **ОК** түймесін басыңыз.
- 4 Сымсыз желіні таңдау және орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 - Қосылым үзілсе, [Қайтала] пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
- 5 Шығу үшін [Аяқтау] пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
 - Желі параметрлерін көру үшін [Setup] > [Network] > [View wireless settings] тармағын таңдаңыз.

Желі атауын жекелендіру

Үй желісінде оңай анықтау үшін үй кинотеатрына атау беріңіз.

- 1 🏠 (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 2 [Setup] опциясын таңдап, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
- 3 [Network] > [Name your Product:] тармақтарын таңдаңыз.
- 4 Атауды енгізу үшін **Әріптік-сандық түймелер** түймесін басыңыз.
- 5 Шығу үшін [Дайын] пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

4 Үй кинотеатрын пайдалану

Бұл бөлім кең көздер ауқымынан мультимедианы ойнату үшін үй кинотеатрын пайдалануға көмектеседі.

Бастау алдында

- Қысқа бастау нұсқаулығында және пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз.
- Бірінші рет параметрлерді орнатуды орындаңыз. Бірінші рет үй кинотеатрын қосқанда немесе параметрлерді орнатуды орындамаған болсаңыз, параметрлерді орнату көрсетіледі.
- Теледидарды үй кинотеатры үшін дұрыс көзге ауыстырыңыз (мысалы, HDMI, AV IN).

Бастапқы мәзірге қатынау

Басты мәзір жалғанған құрылғыларға, параметрлерді орнатуға және үй кинотеатрындағы басқа пайдалы мүмкіндіктерге оңай кіруді қамтамасыз етеді.

- 1  (Бастапқы) түймесін басыңыз.
↳ Басты мәзір көрсетіледі.
- 2 Мыналарды таңдау үшін **Жылжу түймелері** және **OK** түймелерін басыңыз:
 - **[Play disc]**: Дискіні ойнатуды бастау.
 - **[Browse USB]**: USB мазмұн шолғышына кіру.
 - **[Smart TV]**: Smart TV мүмкіндіктеріне кіру.
 - **[Browse PC]**: Компьютер мазмұн шолғышына кіру
 - **[Setup]**: Бейне, дыбыс және басқа параметрлерді өзгерту үшін мәзірлерді ашу.
- 3 Шығу үшін,  (Бастапқы) түймесін басыңыз.

Авто ойнату

Үй кинотеатры дискіні немесе бейне файлды автоматты түрде ойната алады.

Дискіні авто ойнату

Үй кинотеатры қосылғанда диск автоматты түрде ойнатылады.

- 1  (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[Preference] > [Auto play disc] > [On]** тармағын таңдаңыз.
 - Функция қосылады.
 - Функцияны ажырату үшін **[Off]** опциясын таңдаңыз. Диск автоматты түрде ойнатылмайды.

Бейнені ретімен автоматты түрде ойнату

USB сақтау құрылғысындағы немесе компьютердегі (DLNA қосылымы арқылы) бір қалтада екі немесе одан да көп файл болса, бейне аяқталғаннан кейін келесі бейне файл автоматты түрде ойнатылады.

- 1  (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[Preference] > [Auto play after video] > [On]** тармағын таңдаңыз.
 - Функция қосылады.
 - Функцияны ажырату үшін **[Off]** опциясын таңдаңыз. Бейне аяқталғаннан кейін сол қалтадағы келесі бейне файл автоматты түрде ойнатылмайды.

Дискілер

Үй кинотеатры DVD,VCD, ықшам және Blu-ray дискілерін ойната алады. Сондай-ақ, олар үйде жасалған CD-R фотосурет және музыка дискілері сияқты дискілерді ойната алады.

- 1 Үй кинотеатрына дискіні салыңыз.
- 2 Дискі автоматты түрде ойнатылмаса, дискі көзін таңдау үшін **DISC MENU** түймесін басыңыз немесе басты мәзірден **[Play disc]** тармағын таңдаңыз.
- 3 Ойнатуды басқару үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.
 - Blu-ray дискісін ойнатқанда азғандай шуды есту қалыпты. Бұл үй кинотеатры ақаулы екенін білдірмейді.

Ойнату түймелері

Түйме	Әрекет
Жылжу түймелері	Мәзірлерге өту. Жоғары/төмен: Суретті сағат тілі бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бұру. Сол жақ/Оң жақ: алдыңғы немесе келесі суретке өту.
OK	Енгізуді немесе таңдауды растайды.
► (Ойнату)	Ойнатуды бастау немесе жалғастыру.
II	Ойнатуды уақытша тоқтату.
■	Ойнатуды тоқтату.
◀ / ▶	Алдыңғы немесе келесі жолға, бөлімге не файлға өткізіп жібереді.
◀◀ / ▶▶	Артқа қарай немесе алға қарай жылдам іздеу. Алға қарай баяу іздеу.
AUDIO	Тілді немесе арнаны таңдау.
SUBTITLE	Бейне үшін субтитр тілін таңдау.
DISC MENU	Диск мәзірін ашу немесе жабу.

Түйме	Әрекет
≡	Дыбыстық, бейне немесе мультимедиа файлдарды ойнатқанда, кеңейтілген параметрлерге кіріңіз. (ақылдасу 'Дыбыс, бейне және сурет опциялары' бет 20)

Бейне мен дыбысты синхрондау

Егер дыбыс пен бейне синхрондалмаған болса, дыбысты бейнеге сай болатындай кідіртіңіз.

- 1 **III** түймесін басыңыз.
- 2 **Жылжу түймелері** (сол/оң) түймесін басып **[Audio sync]** опциясын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Дыбысты бейнемен синхрондау үшін **Жылжу түймелері** (жоғары/төмен) түймелерін басыңыз.
- 4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Blu-ray 3D дискісін ойнату

Үй кинотеатры Blu-ray 3D бейнесін ойната алады. 3D дискісін ойнату алдында 3D денсаулық туралы ескертуін оқыңыз.

Қажетті әрекеттер

- 3D TD
- 3D теледидармен үйлесімді 3D көзілдірік.
- 3D Blu-ray бейнесі
- Жылдамдығы жоғары HDMI кабелі

- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып, үй кинотеатрын 3D үйлесімді теледидарға жалғаңыз.
- 2 3D бейне параметрі қосулы екенін тексеріңіз. **★ (Бастапқы)** түймесін басып, **[Setup] > [Video] > [Watch 3D video] > [Auto]** тармағын таңдаңыз.
 - 3D шығысын өшіру үшін **[Off]** параметрін таңдаңыз.

- 3 Blu-ray 3D дискісін ойнатып, 3D көзідірікті киіңіз.
- Бейнені іздеу кезінде және белгілі бір ойнату режимдерінде бейне 2D пішімінде көрсетіледі. Бейне 3D пішіміне ойнатуды жалғастырғаннан кейін оралады.

Ескертпе

- Жыпылықтауды болдырмау үшін дисплейдің жарықтығын өзгертіңіз.

Blu-ray дискісіндегі бонус көрінісі

Бонус көрінісін қолдайтын Blu-ray дискілерінде шағын экран терезесіндегі аңғартпалар сияқты қосымша мазмұнды көріңіз. Бонус көрінісі, сонымен бірге, сурет ішіндегі сурет ретінде белгілі.

- 1 Бонус көрінісін Blu-ray дискісінің мәзірінде қосыңыз.
- 2 Фильмді ойнатып жатқанда,  түймесін басыңыз.
↳ Опциялар мәзірі көрсетіледі.
- 3 **[PIP selection] > [PIP]** тармағын таңдаңыз.
 - Бейнеге байланысты PIP [1] немесе [2] мәзірі көрсетіледі.
 - Бонус көрінісін өшіру үшін **[Off]** пәрменін таңдаңыз.
- 4 **[2nd audio language]** немесе **[2nd subtitle language]** тармағын таңдаңыз.
- 5 Тілді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Blu-ray дискісіндегі BD-Live

BD-Live мазмұны бар Blu-ray дискілеріндегі қосымша мүмкіндіктергі кіріңіз, мысалы, директормен интернет сөйлесулер, соңғы фильм трейлерлері, ойындар, тұсқағаз және қоңырау үндері.

BD-Live қызметтері мен мазмұны әр дискіде әр түрлі болады.

Қажетті әрекеттер

- BD-Live мазмұны бар Blu-ray дискісі
 - кемінде 1 ГБ жады бар USB жад құрылғысы
- 1 Үй кинотеатрын интернетке қатынасы бар үй желісіне қосыңыз (ақылдасу 'Үй желісіне қосылу және параметрлерді орнату' бет 13).
 - 2 BD-Live жүктеу үшін USB жад құрылғысын үй кинотеатрының алдындағы  (USB) қосқышына қосыңыз.
 - 3  (**Бастапқы**) түймесін басып, **[Setup] > [Advanced] > [BD-Live security] > [Off]** тармағын таңдаңыз.
 - BD-Live өшіру үшін **[On]** пәрменін таңдаңыз.
 - 4 Диск мәзірінде BD-Live белгішесін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
↳ BD-Live жүктеле бастайды. Жүктеу уақыты дискіге және интернет қосылымына байланысты.
 - 5 BD-Live ішіне өту үшін **Жылжу түймелері** түймесін басыңыз да, **OK** түймесін басып опцияны таңдаңыз.

Ескертпе

- Жад құрылғысының жадын өшіру үшін  (**Бастапқы**) түймесін басып, **[Setup] > [Advanced] > [Clear memory]** тармағын таңдаңыз.

Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату

Bluetooth арқылы үй кинотеатрын Bluetooth құрылғысымен (iPad, iPhone, сенсорлы iPod, Android телефоны немесе ноутбук сияқты) қосыңыз, сонда құрылғыда сақталған дыбыстық файлдарды үй кинотеатрының динамиктері арқылы тыңдай аласыз.

Қажетті әрекеттер

- A2DP Bluetooth профайлын қолдайтын және 2.1 + EDR Bluetooth нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
- Үй кинотеатры мен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы — шамамен 10 метр (30 фут).

1 Bluetooth режимін таңдау үшін

түймесін басыңыз.

→ **BT** дисплей панелінде көрсетіледі.

2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth режимін қосып, қосылымды бастау үшін үй кинотеатрының атауын іздеп, таңдаңыз (Bluetooth режимін қосу жолы туралы Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).

- Құпия сөз сұралса, «0000» мәнін енгізіңіз.

3 Үй кинотеатрының динамиктері дыбыстық сигнал бергенше күте тұрыңыз.

→ Bluetooth қосылымы орындалғанда, **BT READY** дисплей панелінде екі секунд көрсетіледі, одан кейін дисплейде **BT** пайда болады.

→ Қосылым орындалмаса, үй кинотеатрынан дыбыстық сигнал естілмейді және дисплей панелінде әрдайым **BT** көрсетіледі.

4 Bluetooth құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.

- Ойнату кезінде қоңырау қабылданса, музыка ойнату уақытша тоқтатылады.
- Музыка ағыны үзілсе, Bluetooth құрылғысын үй кинотеатрына жақынырақ қойыңыз.

5 Bluetooth құрылғысынан шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.

- Bluetooth режиміне қайта ауысқанда Bluetooth қосылымы белсенді болып қалады.



Ескертпе

- Музыка ағыны құрылғы мен үй кинотеатры арасындағы қабырға, құрылғыны жабатын металл корпус немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін жақын жердегі басқа құрылғылар сияқты кедергілерден үзілуі мүмкін.
- Үй кинотеатрын басқа Bluetooth құрылғысымен қосқыңыз келсе, қазіргі уақытта қосылған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін қашықтан басқару құралындағы ► түймесін басып тұрыңыз.
- Philips компаниясы барлық Bluetooth құрылғыларымен 100% үйлесімділікке кепілдік бермейді.

NFC арқылы Bluetooth қосу

NFC (жақын арадағы байланыс) мобильді телефондары сияқты NFC-қосылған құрылғылары арасындағы қысқа ауқымды сымсыз байланысты іске қосатын технология болып табылады.

Қажетті әрекеттер

- NFC функциясы бап Bluetooth құрылғысы.
- Жұптастыру үшін NFC құрылғысын үй кинотеатрының **NFC** тегіне тигізіңіз.

1 Bluetooth құрылғысындағы NFC іске қосыңыз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

2 Үй кинотеатрындағы динамиктерден дыбыстық сигнал шыққанша, NFC құрылғысын үй кинотеатрының **NFC** тегіне тигізіңіз.

→ Bluetooth қосылымы орындалғанда, **BT READY** дисплей панелінде екі секунд көрсетіледі, одан кейін дисплейде **BT** пайда болады.

→ Қосылым орындалмаса, үй кинотеатрынан дыбыстық сигнал естілмейді және дисплей панелінде әрдайым **BT** көрсетіледі.

- 3 NFC құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.
- Қосылымды тоқтату үшін қайтадан NFC құрылғысын үй кинотеатрының NFC тегіне тигізіңіз.

Деректер файлдары

Үй кинотеатры дискідегі немесе USB жад құрылғысындағы суреттерді, дыбыстық және бейне файлдарын ойната алады. Файлды ойнату алдында үй кинотеатры файл пішімін қолдайтынын тексеріңіз (ақылдасу 'Файл пішімдері' бет 34).

- 1 Дискідегі немесе USB жад құрылғысындағы файлдарды ойнатыңыз.
- 2 Ойнатуды тоқтату үшін  түймесін басыңыз.
 - Бейнені тоқтаған жерден жалғастыру үшін **▶ (Ойнату)** түймесін басыңыз.
 - Бейнені басынан ойнату үшін **OK** түймесін басыңыз.

Жазбалар

Егер бейнеде бірнеше тілдегі субтитрлер болса, субтитр тілін таңдаңыз.

Ескертпе

- Субтитр файлының атауы бейне файлының атауымен бірдей екенін тексеріңіз. Мысалы, бейне файлының атауы 'movie.avi' болса, субтитр файлын 'movie.srt' немесе 'movie.sub' деп атаңыз.
- Үй кинотеатры келесі файл пішімдерін қолдайды: .srt, .sub, .txt, .ssa, .ass, .smi және .sami. Егер субтитрлер дұрыс көрсетілмесе, таңбалар жиынын өзгертіңіз.

- 1 Бейнені ойнатып жатқанда, тілді таңдау үшін **SUBTITLE** түймесін басыңыз.
- 2 DivX бейнелері үшін субтитрлер дұрыс көрсетілмесе, таңбалар жиынын өзгерту үшін келесі қадамдарды орындаңыз.
- 3  түймесін басыңыз.
 - ↳ Опциялар мәзірі көрсетіледі.

- 4 **[Character set]** тармағын таңдаңыз да, субтитрді қолдайтын таңбалар жиынын таңдаңыз.

Еуропа, Үндістар, Латын Америкасы және Ресей

Таңбалар жиыны	Тіл
[Standard]	Ағылшын, албан, дат, нидерланд, фин, француз, галь, неміс, итальян, күрд (латын), норвег, португал, испан, швед және түрік
[Central Europe]	Албан, хорват, чех, нидерланд, ағылшын, неміс, венгр, ирланд, поляк, румын, словак, словен және серб
[Cyrillic]	Болгар, белорус, ағылшын, македон, молдаван, ресей, серб және украин
[Greek]	Грек
[Baltic]	Эстон, латыш және литван
[Chinese]	Жеңілдетілген қытай
[Chinese-Traditional]	Дәстүрлі қытай
[Korean]	Ағылшын және корей

DivX үшін VOD коды

DivX бейнелерін сатып алу және үй кинотеатрында ойнату алдында, үй кинотеатрын www.divx.com торабында DivX VOD кодын пайдаланып тіркеңіз.

- 1  (**Бастапқы**) түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[Advanced] > [DivX® VOD Code]** тармақтарын таңдаңыз.
 - ↳ Үй кинотеатрының DivX VOD тіркеу коды көрсетіледі.

USB жад құрылғылары

MP4 ойнатқышы немесе сандық камера сияқты USB жад құрылғысында сақталған суреттерді, дыбысты және бейнені тамашалаңыз.

Қажетті әрекеттер

- FAT немесе NTFS файлдық жүйелерімен пішімделген және көлемдік жад сыныбына үйлесімді USB жад құрылғысы
- Қолдау көрсетілетін файл пішімдерінің біреуіндегі мультимедиа файл (ақылдасу 'Файл пішімдері' бет 34).



Ескертпе

- USB ұзарту кабелін пайдалансаңыз, USB хабы немесе USB мульті оқу құрылғысы, USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.

- 1 USB жад құрылғысын үй кинотеатрындағы (USB) қосқышына жалғаңыз.
- 2 (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 3 [Browse USB] опциясын таңдап, одан кейін OK түймесін басыңыз.
 Мазмұн шолғышы көрсетіледі.
- 4 Файлды таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.
- 5 Ойнатуды басқару үшін ойнату түймелерін басыңыз (ақылдасу 'Ойнату түймелері' бет 16).

Дыбыс, бейне және сурет опциялары

Дискідегі немесе USB жад құрылғысындағы суреттерді, дыбыстық және бейне файлдарын ойнатқанда, кеңейтілген мүмкіндіктерді пайдаланыңыз.

Дыбыс опциялары

Дыбысты ойнатқанда, дыбыс жолын, дискіні немесе қалтаны қайталаңыз.

- 1 Келесі функцияларда шарлау үшін түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - Ағымдағы әнді немесе файлды қайталау.
 - Дискідегі немесе қалтадағы барлық әндерді қайталау.
 - Қайталау режимін ажырату.
 - Жолдарды кездейсоқ қайталайды.

Бейне опциялары

Бейнені көріп жатқанда, субтитрлер, дыбыс тілі, уақытта іздеу және сурет параметрлері сияқты опцияларды таңдаңыз. Бейне көзіне байланысты кейбір опциялар қол жетімді емес болады.

- 1 түймесін басыңыз.
 Бейне опцияларының мәзірі көрсетіледі.
- 2 Төмендегілерді таңдау және өзгерту үшін **Жылжу түймелері** және **OK** түймесін басыңыз:
 - [Ақп]: Ненің ойнатылып жатқаны туралы ақпаратты көрсету.
 - [Audio language]: Бейне үшін дыбыс тілін таңдау.
 - [Subtitle language]: Бейне үшін субтитр тілін таңдау.
 - [Subtitle shift]: Экрандағы субтитр орнын өзгерту.
 - [Character set]: DivX субтитрін қолдайтын таңбалар жиынын таңдау.
 - [Time search]: Көріністің уақытын енгізу арқылы бейненің нақты бөлігін өткізу.
 - [2nd audio language]: Blu-ray бейнесі үшін екінші дыбыс тілін таңдау.
 - [2nd subtitle language]: Blu-ray бейнесі үшін екінші субтитр тілін таңдау.
 - [Titles]: Арнайы тақырып таңдау.
 - [Chapters]: Арнайы бөлімді таңдау.

- **[Караоке]:** Караоке параметрлерін өзгерту.
- **[Angle list]:** Түрлі камера бұрышын таңдау.
- **[Menus]:** Диск мәзірін көрсету.
- **[PIP selection]:** Bonus View мүмкіндігін қолдайтын Blu-ray дискісін ойнатқанда Сурет ішіндегі сурет терезесін көрсету.
- **[Zoom]:** Бейне көрінісіне немесе суретке ұлғайту. Масштаб коэффициентін таңдау үшін **Жылжу түймелері** (солға/оңға) түймесін басу.
- **[Repeat]:** Бөлімді немесе тақырыпты қайталау.
- **[Repeat A-B]:** Ойнатуды қайталау үшін бөлім немесе тақырып ішіндегі екі жерді белгілеу не болмаса қайталау режимін ажырату.
- **[Picture settings]:** Алдын ала анықталған түс параметрін таңдау.

- **[Slide animation]:** Слайд шоуға арналған анимацияны таңдау.
- **[Picture settings]:** Алдын ала анықталған түс параметрін таңдау.
- **[Repeat]:** Таңдалған қалтаны қайталау.

Музыкалық слайд көрсетілімі

Егер сурет және дыбыс файлдары бір дискіден немесе USB жад құрылғысынан болса, музыкалық слайд көрсетілімін жасауға болады.

- 1 Дыбыс жолын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 2  түймесін басыңыз да, суреттер қалтасына өтіңіз.
- 3 Суретті таңдаңыз да, слайд көрсетілімін бастау үшін **▶ (Ойнату)** түймесін басыңыз.
- 4 Слайдшоуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
- 5 Музыканы тоқтату үшін **■** түймесін қайта басыңыз.

Ескертпе

- Сурет және дыбыс пішімдеріне үй кинотеатры қолдау көрсететін тексеріңіз (ақылдасу 'Файл пішімдері' бет 34).

Радио

Үй кинотеатрында FM радиосын тыңдаңыз және 40-қа дейін радио станцияларды сақтаңыз.

Ескертпе

- АМ және сандық радиоға қолдау көрсетілмейді.
- Егер стерео сигнал анықталмаса, радио станцияларды қайтадан орнату сұралады.

Сурет опциялары

Суретті көргенде, суретті үлкейтіңіз, бұрыңыз, слайд көрсетіліміне анимацияны қосыңыз және сурет параметрлерін өзгертіңіз.

- 1  түймесін басыңыз.
 Сурет опцияларының мәзірі шығады.

- 2 Келесі параметрлерді таңдау және өзгерту үшін **Жылжу түймелері** және **OK** түймелерін басыңыз:
 - **[Акп]:** Сурет туралы ақпаратты көрсету.
 - **[Rotate +90]:** Суретті сағат тілі бағытымен 90 градусқа бұру.
 - **[Rotate -90]:** Суретті сағат тілі бағытына қарсы 90 градусқа бұру.
 - **[Zoom]:** Бейне көрінісіне немесе суретке ұлғайту. Масштаб коэффициентін таңдау үшін **Жылжу түймелері** (солға/оңға) түймесін басу.
 - **[Duration per slide]:** Слайд шоуға әр суреттің көрсету жылдамдығын таңдау.

- 1 Үй кинотеатрындағы **FM ANTENNA** қосқышына FM антеннасын жалғаңыз.
 - Ең жақсы қабылдау үшін антеннаны теледидардан немесе басқа сәулелену көздерінен ары қойыңыз.

- 2 Радио көзіне ауысу үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳ Егер радио станцияларды орнатып қойған болсаңыз, соңғы тыңдаған арна ойнатылады.
 - ↳ Егер ешбір радио станцияларды орнатпаған болсаңыз, дисплей панелінде **AUTO INSTALL...** **PRESS PLAY** хабары көрсетіледі. Радиостанцияларды орнату үшін ► **(Ойнату)** түймесін басыңыз.

- 3 Радио станцияларды тыңдау немесе ауыстыру үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

Ойнату түймелері

Түйме	Әрекет
◀ / ▶	Алдан ала орнатылған радио немесе станцияны таңдау.
Әріптік-сандық түймелер	
Жылжу түймелері	Сол/он: Радио станцияны іздеу. Жоғары/төмен: Радио жиілігін дәл реттеу.
■	Радио станцияларды орнатуды тоқтату үшін басыңыз.
↶	Алдын ала орнатылған радио станцияны өшіру үшін басып ұстап тұрыңыз.
≡	Қолмен: 1) ≡ түймесін басыңыз. 2) Алдын ала орнатылғанды таңдау үшін ▶ / ▶ түймесін басыңыз. 3) Радио станцияны сақтау үшін қайтадан ≡ түймесін басыңыз. Автоматты: радио станцияларды қайта орнату үшін үш секундтай басып тұрыңыз.

Түйме	Әрекет
SUBTITLE / AUDIO	Стерео және монофондық дыбыстарды қосу.

Реттеу торы

Кейбір елдерде FM реттеу торын 50 кГц немесе 100 кГц арасында ауыстыруға болады.

- 1 Радио көзіне ауысу үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 ■ түймесін басыңыз.
- 3 50 кГц немесе 100 кГц арасында ауысу үшін ► **(Ойнату)** түймесін басып тұрыңыз.

Сыртқы аудио құрылғысы

Аудио файлдарын ойнату үшін сыртқы аудио құрылғыларын жалғаңыз.

Қажетті әрекеттер

- 3,5 мм ұясы бар сыртқы аудио құрылғысы
 - 3,5 мм стерео дыбыс кабелі.
- 1 3,5 мм стерео дыбыс кабелін пайдаланып, сыртқы аудио құрылғысын үй кинотеатрындағы **AUDIO IN** қосқышына жалғаңыз.
 - 2 Дисплей панелінде **AUDIO IN** көрсетілгенше **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - 3 Дыбыстық файлдарды таңдау және ойнату үшін сыртқы аудио құрылғысындағы түймелерді басыңыз.

Smart TV шолу

Әр түрлі интернет қолданбаларына және арнайы бейімделген интернет веб-тораптарына қатынасу үшін Smart TV қолданбасын пайдаланыңыз.

Smart TV қызметтеріндегі интерактивті талқылаулар үшін Smart TV форумына www.supportforum.philips.com мекенжайында кіріңіз



Ескертпе

- Koninklijke Philips N.V. Smart TV қызметінің жабдықтаушылары берген мазмұнға жауап бермейді.

- 1 Үй кинотеатрын жылдамдығы жоғары интернет қатынасы бар үй желісіне жалғаңыз (ақылдасу 'Үй желісіне қосылу және параметрлерді орнату' бет 13).
- 2 (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 3 [Smart TV] опциясын таңдап, одан кейін OK түймесін басыңыз.
- 4 Экрандағы хабарды растау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
→ Smart TV басты беті көрсетіледі.
- 5 Қолданбаларды таңдау және мәтінді енгізу үшін (мысалы, веб URL мекенжайы, құпия сөздер, т.б.) қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

Smart TV қызметін шарлау

Түйме	Әрекет
Жылжу түймелері	Қолданбаны таңдаңыз немесе шарлаңыз.
OK	Енгізуді немесе таңдауды растайды.
	Алдыңғы бетке оралыңыз. Мәтін енгізу жолағынан бір таңбаны жояды.
Әріптік-сандық түймелер	Мәтінді енгізу жолағында таңбаларды енгізіңіз.
(Бастапқы)	Smart TV порталынан шығып, басты мәзірге оралыңыз.

Шолу журналын тазалау

Құпиясөздерді, куки файлдарын және шолу деректерін үй кинотеатрынан жою үшін шолу журналын тазалаңыз.

- 1 (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 2 [Setup] опциясын таңдап, одан кейін OK түймесін басыңыз.
- 3 [Network] > [Clear Smart TV memory] тармақтарын таңдаңыз.
- 4 Растау үшін OK түймесін басыңыз.

Желіден бейнені жалға алу

Функция тек VOD мүмкіндігі бар Smart TV қызметінде қол жетімді.

Үй кинотеатры арқылы желідегі дүкендерден бейнелерді жалға алыңыз. Оларды бірден немесе кейінірек көруге болады. Көп желідегі бейне дүкендері әр түрлі жалға беру бағалары, кезеңдері және шарттары бар бейнелердің үлкен таңдауын ұсынады. Кейбір дүкендер үшін жалға ала алу алдында есептік жазбаны жасау керек.

Қажетті әрекеттер

- кемінде 8 Гбайт жады бар USB жад құрылғысы

- 1 Үй кинотеатрын жылдамдығы жоғары интернет қатынасы бар үй желісіне жалғаңыз (ақылдасу 'Үй желісіне қосылу және параметрлерді орнату' бет 13).
- 2 Бос USB сақтау құрылғысын үй кинотеатрының алдындағы (USB) қосқышына кіргізіп, USB құрылғысын пішімдеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 - Пішімдегеннен кейін, USB сақтау құрылғысын (USB) қосқышында қалдырыңыз.
 - Пішімдегеннен кейін, Linux амалдық жүйесін пайдаланып қайта пішімделмесе, USB сақтау құрылғысы компьютерлермен немесе камералармен одан әрі үйлесімді болмайды.

- 3 **⬆ (Бастапқы)** түймесін басыңыз.
- 4 **[Smart TV]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
 ↳ Еліңізде қол жетімді желілік қызметтер көрсетіледі.
- 5 Бейне дүкенін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Бейнені жалға алу немесе көру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Сұралса, дүкен есептік жазбасын тіркеу немесе оған кіру үшін қажет ақпаратты енгізіңіз.
 ↳ Бейне USB сақтау құрылғысына жүктелді. Оны тек үй кинотеатрында көре аласыз.
- 7 Ойнатуды басқару үшін ойнату түймелерін басыңыз (ақылдасу 'Ойнату түймелері' бет 16).
 - Егер бейнені ойната алмасаңыз, үй кинотеатры файл пішіміне қолдау көрсететінін тексеріңіз (ақылдасу 'Файл пішімдері' бет 34).

Мультимедиа ағынын Miracast арқылы жіберу

Осы үй кинотеатры арқылы Miracast куәліктендірілген құрылғысынан теледидарға дыбыс және бейне ағынын жіберуге болады, әрі Miracast құрылғысының экраны теледидарда көрінеді.

Қажетті әрекеттер

- Android 4.2/Windows 8.1 немесе одан жоғары нұсқа орнатылған смартфондар немесе планшеттер, әрі сол құрылғыларда Miracast мүмкіндігі қол жетімді екенін тексеріңіз (Miracast мүмкіндігінің атауы әр түрлі құрылғыларға қарай өзгеріп отыруы мүмкін).
- Смартфонда немесе планшетте Miracast мүмкіндігін қосыңыз (мәліметтер алу үшін қатысты пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

- Осы үй кинотеатрында Miracast қосылып тұрғанын тексеріңіз (**⬆** түймесін басып, **[Setup]** > **[Network]** > **[Miracast break-in]** > **[On]** тармағын таңдаңыз).

- 1 Осы үй кинотеатрының басты мәзір экранын көрсету үшін **⬆** түймесін басыңыз.
- 2 Miracast бастапқы құрылғысында осы үй кинотеатрын іздеуді іске қосыңыз да, ол табылғанда осы үй кинотеатрын таңдаңыз (толығырақ мәліметтерді бастапқы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).
 - 2 құрылғы алғаш рет жұпталса, растау хабары ТД экранында көрсетіледі. Жұптауды жалғастыру үшін оны қабылдаңыз.
 - Жұптаудан бас тарту үшін қашықтан басқару құралында **■** түймесін басыңыз.
- 3 Мультимедиа мазмұны бастапқы құрылғыдан көрсетілгенше, күте тұрыңыз да, ойнатуды бастау үшін мультимедианы таңдаңыз.
 ↳ Дыбыс немесе бейне ағыны осы үй кинотеатры арқылы теледидарға жіберіледі.



Ескертпе

- Бұл үй кинотеатры жұптау үшін 10-ға дейін Miracast құрылғысын сақтай алады және бір уақытта тек бір Miracast куәліктендірілген құрылғысына қосыла алады.
- Miracast қосылымы кезінде осы үй кинотеатрындағы Wi-Fi қосылымы уақытша кідіріледі.
